

Сабақтың тақырыбы:  
Театр әлемі

## М.Әуезов атындағы академиялық драма театры



1926 жылы дүниеге келген қазақ өнерінің кәсіби қара шаңырағы – М.Әуезов атындағы академиялық драма театры. М.Әуезов атындағы академиялық драма театры – ұлттық мәдениетіміздің мақтанышы. Республикамыздағы кез келген өнер ордасы осынау киелі шаңырақтан еншісін алып, жеке ұжым ретінде ел-жұртқа танылған. Опера, балет өнері, филармония,

Қазақконцерт – қай-қайсысы да осы тұңғыш драма театрының құрамынан бөлініп шыққан мәдениет ошақтары. Сол сияқты қазақ режиссурасы мен актерлік шеберлік құпияларының да жан-жақты өрбіп, дамып-даралануына осы аталған театрдың ықпалы өте зор. Өзінің 85 жылдан астам шығармашылық ғұмырында ондаған-жүздеген өнер жұлдызының аты-жөндерін ел-жұртқа кеңінен танытты. Атақты өнер отауының алғашқы тізгінін ұстағандар: М.Әуезов, Ж.Шанин, Ж.Аймауытов, Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Ш.Айманов, С.Майқанова секілді әйгілі тарлан боздар.

Ғ.Мүсірепов, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Тарази, Қ.Ысқақ, Д.Исабеков, Иран-Ғайып сынды драматургтеріміздің де шығармашылық табыстары осы үлкен театр тарихымен тығыз байланысты.

# Тапсырмалар:

1. Төменде берілген сөздерден жұрнақтар арқылы сын есім жасап, сөйлем құрастырыңдар.

Академия, мәдениет, күлкі, сөз, көңіл

2. Қазақстандағы бір театр жайлы мәлімет жазыңыз.